

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛАУЫ АСТЫНДА
ТЕҢІЗ САУДА КЕМЕЛЕРІНІҢ ЖҮЗУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРУДІҢ ТӘРТІБІН БЕКІТУ
ТУРАЛЫ <*>**

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 9 желтоқсан 1993 ж. N 1231. Тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467 қаулысымен. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.17. N 49 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының жалауы астында теңізде саудамен жүзуді ұйымдастыруға жағдай туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Мыналар бекітілсін:

Теңіз сауда кемелерінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығын берудің тәртібін (қоса беріліп отыр);

N 1 қосымшаға сәйкес теңіз сауда кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығы туралы Куәліктің нысаны (кемелік п а т е н т) ;

N 2 қосымшаға сәйкес теңіз сауда кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығы туралы Уақытша куәліктің нысаны;

N 3 қосымшаға сәйкес бербоут-чартер шартымен (экипажсыз кеменің жүк тасуға жалдану шарты) жүк тасуға жалданған шетелдік теңіз сауда кемесіне уақытша жүзу құқығын беру туралы Куәліктің нысаны.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467

қ а у л ы с ы м е н .

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467
қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 9 желтоқсандағы

N 1231 қаулысымен

Бекітілген

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы
астында Теңіз сауда кемелерінің жүзу құқығын берудің
тәртібі**

ЕСКЕРТУ. Тақырыбы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467 қаулысымен.

I. Жалпы қағидалар

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығы:
м е м л е к е т т і ң ;

Қазақстан Республикасының заңды ұйымдарының;
Қазақстан Республикасы азаматтарының меншігіне жататын теңіз сауда
к е м е л е р і н е б е р і л е д і .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығы бербоут-чартер шартымен (экипажсыз жүк тасуға жалданған кеме шарты) жүк тасуға жалданған шетелдік теңіз сауда кемесіне уақытша берілуі мүмкін немесе шетелдік лизинг беруші мен қазақстандық лизинг алушы арасындағы лизинг туралы шарт бойынша берілген.

**ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467
қ а у л ы с ы м е н .**

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында теңіз сауда кемесінің жүзу құқығы ашық теңіздегі сауда кемесінің тек қана Қазақстан Республикасының юрисдикциясына бағынышты екенін білдіреді. Шетел суларында жүзген кезде ол Қазақстан Республикасының консулдары мен дипломатиялық өкілдіктерінің қорғауында болады және жәрдемін пайдаланады.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзетін теңіз сауда кемелеріне техникалық, әкімшілік және әлеуметтік тұрғыдағы бақылауды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті жүзеге асырады.

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467
қаулысымен.**

**II. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
жалауы астында теңіз сауда кемесінің жүзу құқығының
пайда болуы**

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығына кеме иесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығы туралы куәлік (кеме патенті) алған сәттен бастап ие болады. Куәлікті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті кеме мені Мемлекеттік кеме реестріне енгізгеннен кейін б е р е д і .

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467

қ а у л ы с ы м е н .

6. Шетелден сатып алынған, бірақ белгіленген тәртіпке сай тіркелмеген теңіз сауда кемесі айрықша жағдайда сатушы елде тіркелген Қазақстан Республикасының консулы берген теңіз сауда кемесінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығы туралы Уақытша куәлікке негізделген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығын алады. Сатушы елде Қазақстан Республикасының консулдық мекемесі болмаған жағдайда, Уақытша куәлікті соған таяу басқа елдегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемесінің беруі мүмкін немесе Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің тапсыруы бойынша үшінші елдің консулдық мекемесі сол консулдық тұрған мемлекеттің тарапынан қарсылық білдірілмеген жағдайда беруі мүмкін. Уақытша куәлік теңіз кемесі белгіленген тәртіпке сай тіркелгенге дейін, яғни 6 айға дейін күшінде болады.

III. Теңіз сауда кемесінің ұлты

7. Қазақстан Республикасының кеме реестріне енгізілген, қолданыстағы кеме патенті бар теңіз сауда кемесінің ұлты қазақ болады.

8. Ұлты қазақ теңіз кемесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын көтеріп жүзуге міндетті.

9 . < * >

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467 қаулысымен.

IV. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығын теңіз сауда кемесінің жоғалтуы

10. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығын теңіз кемелері егер:

кеме осы Тәртіптің 1 тармағында көзделген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда ;

осы Ереженің 2 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығы уақытша берілген шетел кемелерінің жүзу құқығының мерзімі біткен кезде жоғалтады.

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467 қаулысымен.

V. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу құқығын теңіз сауда кемесінің уақытша жоғалтуы

11. Қазақстан Республикасының туы астында жүзу құқығын Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті егер меншік иесі теңіз сауда кемесін бербоут-чартер бойынша шетелдік әріптесіне тапсырған жағдайда әрі:

кеме жалауы астында жүзетін мемлекеттің заңдары жалауын алмастыруға
т ы й ы м с а л м а й т ы н ж а ғ д а й д а ;

теңіз сауда кемесінің иесі кеменің шетел мемлекетінің туы астында уақытша
болуына өз келісімін берсе, уақытша қайтарып ала алады.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467 қаулысымен .

1 2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467
қ а у л ы с ы м е н .

13. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің
Көліктік бақылау комитеті Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалауы
астында жүзу құқығын қайтарып алу туралы шешімінің мерзімі аяқталуы
бойынша теңіз сауда кемесінің иесін шешімнің күші жойылған және теңіз сауда
кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы астында жүзу
құқығының қайта бергені туралы хабардар етуге міндетті.

ЕСКЕРТУ. 13-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467
қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 3 ж ы л ғ ы 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 2 3 1 қ а у л ы с ы н а
N 1, 2, 3 қ о с ы м ш а

ЕСКЕРТУ. 1,2 және 3-қосымшалар өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.30. N 467
қаулысымен.

(Кесте)